

Жалпы алғанда, Компаниямыздың қызметі қоршаған ортаны қорғау, өнімнің қауіпсіздігі және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелеріне қатысты тиісті ұлттық заңдармен және нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Сонымен қатар «Heidelberg Materials» компаниясының саясаты ресми түрде барлық жеткізушілерімізден жеткізушілердің іс-әрекет Кодексіміздің қағидаттарын сақтауды және оған сәйкес жұмыс әдістерін қолдануды талап етеді.

Біздің «Heidelberg Materials компаниясының «Іскерлік іс-әрекет кодексіне» негізделген жеткізушілердің іс-әрекет Кодексіміз қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқатының халықаралық стандарттарын ұстануға бағытталған және адам құқықтары аспектісінде кәсіпкерлік қызмет бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Нұсқаулық қағидаттарына, біздің жеткізу тізбегіміздегі Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) негізгі еңбек стандарттарына¹, сондай-ақ Германияның жеткізу тізбегіндегі корпоративтік кешенді тексеру міндеттемелері туралы Заңына негізделген талаптарды ұстану жөніндегі тиісті басқару жүйелерінің болуын талап етеді. Сонымен қатар нормативтік-құқықтық сәйкестік жүйелері Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіде келісілген адам құқықтары саласындағы халықаралық танылған стандарттарға негізделген.

«Heidelberg Materials» компаниясы өз жеткізушілерімен тығыз және жемісті ынтымақтастықты бағалайды. Бүкіл әлемде қолданылатын осы жеткізушілердің іс-әрекет Кодексі барлық шарттық қатынастарымыздың негізі болып табылады. Осылайша, барлық жеткізушілер жеткізушілердің осы іс-әрекет Кодексінде көрсетілген қағидаттарды ұстануы және осы стандарттарды жеткізу тізбегіне енгізу үшін ақылға қонымды күш салуы қажет. Сонымен қатар, жеткізушілер өздерінің тікелей жеткізушілерінен осы қағидаттарды сақтауды талап ету және олардың жеткізу тізбегінде осы қағидаттардың сақталуын тиісті түрде тексеру жауапкершілігін өздеріне алуы қажет.

¹ (i) әділ және қолайлы еңбек жағдайына құқықты, оның ішінде жұмыс үшін сыйақы ретінде жеткілікті күнкөріс деңгейін алуды, (ii) еріксіз немесе мәжбүрлі еңбекке немесе балалар еңбегіне ұшырамау құқығын, (iii) бірлестіктер мен жиналыстар бостандығына құқықты және ұжымдық келіссөздерді ұйымдастыру және жүргізу құқығын, сондай-ақ (iv) жұмыста кемсітушілікке ұшырамау құқығын қоса алғанды қамтиды.

Еңбек жағдайлары/Еңбек

1. Жеткізушілерге балалар еңбегін өз қызметінің кез келген кезеңінде пайдалануға тыйым салынады. Жеткізушілер Халықаралық Еңбек ұйымының (ХЕҰ) жұмысқа қабылдаудың ең төменгі жасы туралы конвенциясының ұсыныстарын орындауға міндетті. Бұл жұмысқа қабылдаудың ең төменгі жасы, қызмет түрі және аптасына сағат саны ұлттық заңнамаға және Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес анықталатынын білдіреді. Негізінде, бұл жұмыс орнының заңнамасына сәйкес міндетті мектеп жасына жеткен, 15 жасқа толмаған балаларды жұмысқа қабылдауға болмайтынын білдіреді. Бұл ережеден ерекшеліктер № 138 ХЕҰ-ның конвенциясына сәйкес талаптарды жеңілдетуді қарастырған елдерде орын алуы мүмкін.
2. Жеткізушілер 18 жасқа дейінгі балалар еңбегінің ең нашар түрлері туралы ХЕҰ конвенциясын ұстануға міндетті. Бұл, атап айтқанда, басқалармен қатар: құлдықтың барлық түрлері немесе құлдыққа ұқсас мәжбүрлеудің басқа түрлері, балаларды жезөкшелікке пайдалану, жалдау немесе ұсыну, балалардың денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе адамгершілігіне зиян келтіруі мүмкін заңсыз әрекеттер мен жұмыстарды қамтиды.
3. Жеткізушілер жеткілікті күнкөріс деңгейіне сәйкес келетін жалақыны төлеуі тиіс; сома, кем дегенде, қолданыстағы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақыға сәйкес келуі қажет.
4. Жеткізушілердің мәжбүрлі еңбек туралы ХЕҰ Конвенциясында анықталғандай мәжбүрлі немесе міндетті еңбектің қандай да бір түрін пайдалануға құқы жоқ, мысалы, борыштық тәуелділіктің салдарынан адамды саудалау, жұмысқа орналасу ақысын төлету немесе қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттарды бермеу.
5. Жеткізушілер құлдықты ешқандай түрде, құлдыққа, қолбалалыққа немесе экономикалық немесе жыныстық қанау және қорлау тәрізді жұмыс орнындағы үстемдіктің немесе қысымның басқа түрлеріне ұқсас мәжбүрлі еңбектің басқа түрлерін пайдалануға құқылы емес. Осыған тұтқындардың мәжбүрлі еңбегі де кіреді. Жеткізушілер қызметкерлердің қозғалыс еркіндігін және ақылға қонымды мерзімде берілген тиісті хабарламадан кейін жұмыстан шығу құқығын шектемеуі тиіс.
6. Жеткізушілер қызметкерлердің бірлесу еркіндігі құқықтарын сақтауға және жұмыс орнына қатысты қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлердің ереуілге және ұжымдық келіссөздерге құқықтарын мойындауы тиіс.
7. Жеткізушілер жұмыс орнына қатысты заңнамаға сәйкес қолданылатын еңбекті қорғау және қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін немесе одан асатын қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті. Жеткізушілерде өндірісте жазатайым оқиғалардың туындау тәуекелдерін немесе жұмыстарды орындауға тән қауіптерді төмендетуге бағытталған тиісті рәсімдер, атап айтқанда, басқалармен қатар, жұмыс орны мен жұмыс жабдықтарын ұсыну және оларға қызмет көрсету кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі жеткілікті нормалар, сондай-ақ шамадан тыс физикалық жүктемелер мен ақыл-ой шаршауының алдын алу жөніндегі шаралар (атап айтқанда, жұмыс уақытының ұзақтығы және демалыс үшін үзілістер) болуы тиіс.
8. Егер жеткізушілер кәсіпорынның немесе қызметкерлердің қауіпсіздігі мен оларды қорғауды қамтамасыз ету үшін жеке немесе мемлекеттік қорғау қызметтерін пайдаланса, онда жеткізушілер кез келген заңсыз күш қолданудан немесе репрессиядан алшақ болу үшін мұндай қорғау қызметтеріне тиісті түрде нұсқау беруі және бақылауы тиіс. Бұған, атап айтқанда, азаптау, қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын қарым-қатынас, адамдардың өміріне немесе денсаулығына зиян келтіру және бірлескен бостандық құқықтарына қысым жасау жатады.
9. Жеткізушілер осы Бөлімнің 1-8-тармақтарында («Еңбек жағдайлары/Еңбек») және «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалар» бөлімінің 1 және 2-тармақтарында, сондай-ақ «Іскерлік этика» бөлімінің 2-тармағында қарастырылған өкілеттіктер шегінен шығатын өз міндеттерін бұза отырып, ешқандай іс-әрекет немесе әрекетсіздік жасауға құқы жоқ, олар қорғалатын құқықтық ұстанымға тікелей аса ауыр зиян келтіруі мүмкін және қарастырылатын барлық жағдайларды орынды бағалау кезінде олардың құқыққа қайшылығы айқын көрінеді.

«Heidelberg Materials» компаниясы жеткізушісінің іс-әрекет Кодексі

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормалар

Жеткізушілер өз өнімдеріне, қызметтеріне және істеріне қолданылатын заңнама талаптарын, сондай-ақ келесі қағидаттарды сақтауға міндетті:

1. Жеткізушілердің қызметі топырақтың нашарлауына, судың, ауаның ластануына, зиянды шудың пайда болуына жетелейтін немесе суды шамадан тыс тұтынудың көзі болмауы тиіс, бұл азық-түлікті сақтау мен өндірудің табиғи жағдайларын айтарлықтай нашарлатады, адамдардың қауіпсіз және таза ауыз суға қол жеткізуін тоқтатады, санитарлық үй-жайларға кіруді қиындатады немесе оларды бұзады немесе адамдардың денсаулығына зиян келтіреді.

2. Пайдаланылуы адамның тіршілігін қамтамасыз ететін жерлерді, ормандар мен суларды сатып алу, игеру немесе өзге де пайдалану кезінде заңсыз көшіруге және жерлерді, ормандар мен суларды алып қоюға тыйым салынады.

3. Жеткізушілер Конвенцияда көрсетілген осындай өнімді өндіруден кезең-кезеңімен бас тартылған күннен кейін сынап туралы Минамат Конвенциясының 4 (1) бабының және А-қосымшасының I бөлігінің мәні аясында құрамында сынап бар өнімдерді өндірмейтініне кепілдік беруі тиіс.

4. Жеткізушілер осы Қосымшада көрсетілген осындай өнімді өндіруден кезең-кезеңімен бас тартқан күннен кейін сынап туралы Минамат Конвенциясының 5-бабының 2-тармағында және В-қосымшасының I бөлігінде көзделген мағынаға сәйкес өндірістік процестерде сынапты немесе сынап қосылыстарын пайдаланбауын қамтамасыз етуі тиіс.

5. Жеткізушілер құрамында сынап бар қалдықтарды сынап туралы Минамат Конвенциясының 11-бабы 3-тармағының ережелерін бұза отырып, қайта өңдемейтініне кепілдік беруі тиіс.

6. Жеткізушілер осы Конвенцияның 3-бабы 1 (a) тармағының ережелерін бұза отырып, тұрақты органикалық ластанғыштарды (ТОЛ; ТОЛ туралы Стокгольм конвенциясының А қосымшасында көрсетілген) өндірмейтініне және пайдаланбайтынына кепілдік беруі тиіс.

7. Жеткізушілер ТОЛ туралы Стокгольм Конвенциясының 6-бабы (d) тармағының (i) және (ii) тармақшаларының ережелеріне сәйкес қолданыстағы юрисдикцияда қолданылатын ережелерге сәйкес экологиялық қауіпсіз болып табылмайтын тәсілмен құрамында ТОЛ бар қалдықтарды қайта өңдемейтініне, жинамайтынына, сақтамайтынына және/немесе кәдеге жаратпайтынына кепілдік беруі тиіс.

8. Жеткізушілер қауіпті қалдықтарды немесе өзге де қалдықтарды (олар қауіпті қалдықтардың трансшекаралық тасымалын бақылау және оларды кәдеге жарату туралы Базель конвенциясының 1-бабының (1) және (2)-тармақтарында айқындалғандай) осы Конвенцияның 4-бабы 1-тармағының (b) және (c) тармақшаларының, 4-баптың 5-тармағының, 4-бабының 8-тармағы немесе 4А- бабының ережелерін бұза отырып, экспорттамайтындығына кепілдік беруі тиіс, сондай-ақ жеткізушілер қауіпті қалдықтарды немесе басқа да қалдықтарды (осы Конвенцияның 1-бабының (1) және (2) тармақтарында айқындалғандай) осы Конвенцияның тарабы болып табылмайтын елден импорттамайтындығына кепілдік беруі тиіс.

Іскерлік этика

1. Жеткізушілер өз бизнесін адал жүргізуі тиіс. «Heidelberg Materials» компаниясының қандай да бір қызметкеріне немесе үшінші тұлғаға «Heidelberg Materials» компаниясының осындай қызметкерінің немесе үшінші тұлғаның лауазымдық міндеттерін атқаруына ықпал ету мақсатында қандай да бір төлемдер, қызметтер, сыйлықтар, ойын-сауық немесе басқа да артықшылықтар ұсынылмауы немесе берілмеуі тиіс.

2. Еңбек саласында кез келген үлгіде қысымға немесе негізсіз тең емес қарым қатынасқа тыйым салынады. Тең емес қарым-қатынас, басқалармен қатар, жынысына, ұлттық және этникалық тегіне, әлеуметтік тегіне, денсаулық жағдайына, саяси сенімдеріне, түсіне, нәсіліне, дініне немесе сеніміне, сексуалды бағдарына, мүгедектігіне немесе жасына қатысты себептерге байланысты тең емес еңбек сыйақысын төлеуді, сондай-ақ жұмысқа орналасуға қатысты кез келген тең емес қатынасты қамтиды.

Осы қағидаттардың сақталуын қамтамасыз ету ұзақ мерзімді оқыту және дамыту процесі болып табылады. «Heidelberg Materials» компаниясы заң талаптарына сәйкес түрлі үлгілерде тәуекелдерді тұрақты бағалауды жүргізуге міндетті. Жеткізушіде тәуекелдер анықталған жағдайда, жеткізуші «Heidelberg Materials» компаниясы немесе «Heidelberg Materials» компаниясы уәкілеттік берген тұлғалар осында баяндалған қағидаттардың сақталуын тексеру және анықталған тәуекелдерді азайту үшін өзін-өзі бағалау, оқыту және жеткізушінің аудиттері тәрізді белгілі бір шараларды қамтитын іс-шаралар жоспарларын әзірлеуге құқылы екендігімен келіседі. «Heidelberg Materials» компаниясы талаптарды сақтау үшін өз жеткізушілерімен бірлесіп жұмыс істейтін болады, бірақ егер осы жеткізушінің іс-әрекет Кодексін сақтамауы анықталған іс-әрекетті жою бойынша барлық жұмсаған күші сәтсіз болса, жеткізушімен қарым-қатынасты тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

Тікелей және жанама жеткізушілер мен олардың қызметкерлері осы жеткізушінің іс-әрекет Кодексінің, қолданыстағы заңдардың немесе «Heidelberg Materials» компаниясының ішкі қағидаларының талаптарын сақтамауға байланысты кез келген түйінді мәселелер туралы біздің «SpeakUp»: <https://heidelbergmaterials.speakup.report/speakup> нормативтік-құқықтық мәселелер жөніндегі тікелей жедел желі арқылы хабарлай алады:

Рене Альдах (René Aldach)
Басқарма мүшесі

rene.aldach@heidelbergmaterials.com

Даниель Костл (Daniel Köstl)
Сатып алу жөніндегі Топтың директоры

daniel.koestl@heidelbergmaterials.com

«Heidelberg Materials» компаниясы жеткізушіс інің іс-әрекет Кодексі

Бақылау кеңесінің төрағасы

Д-р Бернд Шайфеле (Dr. Bernd Scheifele)

Басқарма

Д-р Доминик фон Ахтен (Dr. Dominik von Achten) (төраға),
Рене Альдах (Rene Aldach),
д-р Катарина Боймельбург (Katharina Beumelburg), Роберто Кальери
(Roberto Callieri), Аксель Конрадс (Axel Conrads), Хакан Гурдал (Hakan
Gurdal), Деннис Ленц (Dennis Lentz), Джон Морриш (Jon Morrish), Крис
Уорд (Chris Ward)

Heidelberg Materials AG

Берлинер Штрассе 6, 69120 Гейдельберг

Орналасқан жері Гейдельберг

Мангейм тіркеу соты

Тіркеу нөмірі 330082